

**Исакова Гульнур Оралбаевнаның «6D012000 – Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

### **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

Қоғамдағы болып жатқан өзгерістер қоғам болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруды қажет етеді. Бұл өз кезегінде болмысында құндылықтарды меңгерген толымды жас буынды тәрбиелеу ісімен байланысты. Оны жүзеге асыру білімді де білікті маманның даярлығына және болашақ маманды даярлауға байланысты. Сонымен қатар, атап көрсетілген стратегиядағы негізгі мәселелердің бірі – білім алушыларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсынудың маңыздылығы айтылған; оқыту нәтижесі білім алушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеруге бағытталған болатын. Демек, жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін, шығармашылық ізденімпаздығы, мамандарды даярлаудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру әлі де болса жеткіліксіз. Сондықтан да жоғары оқу орындарында білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр ретінде ғылыми-әдіснамалық негіздерін қарастыру орынды. Заман талабына сай даярлау, қазіргі жоғары оқу орындарының басты мақсаттарының бірі.

Оқу үдерісін интенсификациялау маңызды факторларына іс-әрекеттің тиімді түрлерін және соған сәйкес ойлау тәсілдерін, қоршаған болмысты тұтас және озық танып-білудің әдістерін шұғыл (озық ету мағынасында) меңгеру, саналы түрде талпыну және білім алушылардың қол жеткізген білімдері мен біліктерінің деңгейінен озып түсу қабілеттері жатады. Екінші жағынан оқыту үдерісінде жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін, шығармашылық ізденімпаздығы, болашақ маман ретінде академиялық даярлығы жоғары деңгейде көрініс табады.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, Г.О.Исакованың диссертациясының тақырыбы өзекті деп санаймын, өйткені жоғары оқу орнын бітірушілердің біліктілігін жоспарлау, тұжырымдау және бағалауға қойылатын талаптар да өзгеруде. Осы талаптардың біріне жататын қазіргі маманның бәсекеге қабілеттілігін дамытуға оның құзыреттілігін қалыптастыру арқылы қол жеткізуге болады. Бұл өз кезегінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруды бағдарлы даярлығын талап етеді. Білім алушыларда жүзеге асыратын және болашақтағы іс-әрекетінің бағдарлық негізі неғұрлым негізделген шешімдер қабылдаудың, қойылған міндеттерді тиімді іске асырудың кепілі болып және кәсіби құзыреттілігінің негізін құрайды.

Докторант жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптасуына және болашақ мамандарды даярлауға



негіз болатын білімдер, біліктер мен дағдылар жүйесін дамытуға қызмет ететін жүйелілік тұғырға негізделген әдістерді әзірлеп, кәсіптік білім берудің барлық үдерістерін жүйелі ұйымдастыруға және тиімді жүзеге асыруға ықпал ететінін тәжірибелік-эксперименттен өткізді.

Зерттеу жұмысының ғылыми-тәжірибелік нәтижелері кіріспедегі және екі бөлімдегі материал мазмұнының ішкі бірлігімен, тұжырымдық тұтастығымен және зерттеудің негізгі қорытындыларының логикалық бірлігімен сипатталады. Қорғауға ұсынылып отырған қағидалар мен алынған ғылыми нәтижелер зерттеудің мақсатына, міндеттеріне толығымен сәйкес келеді және зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдейді, түйінді мәселелердің толық қарастырылғанын куәландырады және зерттеу жұмысы, эксперимент нәтижелері жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінде жүйелілік тұғырды жүзеге асыру бойынша жүргізілген басқа да зерттеулерді салыстырмалы талдауда қолдануға болады

Г.О.Исакованың ғылыми кеңесші ретінде нәтижелерді алуға қосқан жеке үлесінің маңызды екенін, жұмыс үлкен дербестіктің, бастамашылық және жауапкершілік дәрежесімен орындалғанын растаймын. Осы диссертацияны орындау кезінде автор ғылыми міндеттерді қою және шешу қабілетін, жақсы шығармашылық әлеуетін, табандылығы мен еңбекқорлығын көрсетті.

#### Тұжырым

Исакова Гульнур Оралбаевнаның «Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру» атты тақырыпта «6D012000 – Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысының орындалу деңгейі, теориялық және практикалық маңыздылығы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті белгілеген талаптарына сай келеді және ізденуші Г.О.Исакованың «6D012000 – Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:  
«С.Сейфуллин атындағы  
агротехникалық университеті» КеАҚ  
профессоры,  
педагогика ғылымдарының докторы

*M. Zauf* Т.Т.Галиев

Ғалым хатшы



*[Signature]*  
Г.М.Дерипсалдина



Исакова Гульнур Оралбаевнаның «6D012000 – Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Еліміздің кәсіби білім беру жүйесі алдында, оның ішінде болашақ мамандарды даярлауда, ең алдымен, олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру міндеті тұр. Осыған орай, жоғары оқу орнындағы алған сапалы білім нәтижесі болып табылатын, болашақ маман бойындағы кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұрғыда қалыптастыру өзекті мәселе қатарына жатады. Білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруі мәселесінің өзектілігінің артуы білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие үдерісіне жаңаша тұрғыда қарап, оны білім алушының білім, білік, дағдыны меңгеру ғана емес, танымдық-шығармашылық іс-әрекет және интеллектуалдық, шығармашылық үдеріс ретінде қарастыруды міндеттейді. Мемлекет, қоғамы және экономика дамуының стратегиялық мақсаттары мен келешектегі міндеттерін табысты іске асыру үшін білім беру озық болып, өскелең ұрпақты белсенді өмірге және мамандарды жаңа жағдайда жұмыс істеуге, өз беттерімен үздіксіз білім алуға, өзін-өзі дамытуға даярлауды қамтамасыз етуі тиіс.

Заманауи жоғары білім беру мақсаты болашақ маманның бастамашыл, мобильдік (тұтастығы, жинақылығы), динамизм мен сындарлылық секілді өзара байланысты, өзара әрекет ететін кең сапалар жиынтығын, өз бетінше білім алу, жаңа технологияларды игеру және оларды қолдана білу, өз бетінше шешім қабылдау қабілетімен, әлеуметтік және кәсіби салаға бейімделе білуімен, ұжымда жасай алу біліктілігімен, қайта жүктелумен, стрестік жағдайларға дайындығын меңгерумен тұжырымдалады. Әрине, бұндай сапалар тізімін кеңейте беруге болады, дегенмен де оларды бірегейлендіруге әкелетін нәрсені көрсету маңыздырақ. Заманауи зерттеулердегі бұндай жүйелі, жасампаз роль «құзыреттілік» ұғымына келіп саяды.

Бұған дейінгі зерттеулер негізінен білімді толықтыру мен жүйелеуге, мамандардың кәсіби дайындығының теориясы мен практикасын жетілдірудегі тәжірибе жинақтауға бағытталған, бірақ мамандарды кәсіптік даярлау үдерісінде кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қарастыратын мәселелер жеткілікті. Бұл зерттеулерде жүйелілік тұғыр негізінде кәсіби дайындық барысында кездесетін көптеген сұрақтар қарастырылмаған.

Докторант Г.О.Исакованың зерттеп отырған тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығы осындай өте қажетті мәселелерді қамтумен сипатталған. Сондықтан да жоғары білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр ретінде ғылыми-әдіснамалық негіздерін қарастыру орынды. Осы аталған қайшылықтардың шешімін іздестіру зерттеу проблемасын



айқындауға және зерттеу тақырыбын «Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру» атты диссертациясы тақырыбының өзектілігін айқындайды.

Диссертациялық жұмыстың аясында докторант Исакова Гульнур Оралбаевна жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық және әдістемелік негіздерін анықтау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент барысында дәлелдеген. Мүмкіндіктерін тиімді пайдалану негізінде білім алушылардың жүйелілік тұғыр негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру отандық білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне ену жағдайында жеке тұлғаның кәсіби әлеметтенуі мен тұлғалық және кәсіби маңызды қасиеттерін дамытуға қатысты жүйелілік мағлұматтарды, жүйелілік ойлау және жүйелілік тұғыр біліктері мен дағдылары дамыған бәсекеге қабілетті маман даярлауға септігін тигізетініне көз жеткізді.

Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырып идеясына сай келеді. Құрылымы да қисындық және идеялық сабақтастықпен түзілген. Жекелеген тақырыптар ортақ мақсаттың міндеттерін шешуге жұмылдырылған. Бір сөзбен айтқанда, диссертацияның тақырыбы – өзекті, мазмұны біртұтас, алынған нәтижелері бірін-бірі толықтырады.

Қол жеткізген нәтижелері мен жасаған тұжырымдарының қолданбалық маңызы бар. Біріншіден, ғылыми зерттеулер бойынша ізденушінің тұжырымдары ұлттық және шетелдің ғалымдарының қағидаларын қолдана отырып, жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық әдістемесін жаңалауға қолдануға болады. Екіншіден, педагогикалық зерттеулер барысында ұсынып отырған оқу-әдістемелік кешенді дайындауға ғана емес, сонымен бірге жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды барлық мамандықтардың оқу үдерісіне көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға да жарайды.

Автор диссертациялық жұмысының мазмұнын 18 еңбекте жариялаған. Соның ішінде Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 3, Scopus деректер қорына енетін жарияланымда 3, халықаралық ғылыми-әдістемелік журналдарда 2, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында 3, Республикалық деңгейдегі конференциялар материалдары және ғылыми-әдістемелік мақалалар жинағында жарияланып 2, 3 оқу-әдістемелік еңбектері: 2 оқу құрал, 1 монография жарық көрді. Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы 2 куәлік алынған. Диссертациялық жұмыстың зерттеу мәселесі С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру озық оқытуды қарқындату (интенсификациялау) ғылыми-зерттеу орталығының бір бөлігі болып табылады.

Қорыта айтқанда, 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Жоғары оқу



орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы Исакова Гульнур Оралбаевнаның диссертация жұмысы дербес, бірегей және толық аяқталған жұмыс деп бағаланады. Диссертациялық жұмыс «Дәрежелерді беру қағидаларында» қойылған талаптарға сай келеді. Докторант Исакова Гульнур Оралбаевнаның диссертациялық жұмысы «6D012000 – Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші:**

**«С.Сейфуллин атындағы  
агротехникалық университеті» КеАҚ  
«Кәсіптік білім беру»  
кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент**

*С. /* **М.Д.Есекешова**

**Ғалым хатшы**



*Г.М.Дерипсалдина* **Г.М.Дерипсалдина**